

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Алматы қаласы білім басқармасының
«Принтмедиа технологиялар колледжі» ҚМҚК



Қазақстан Республикасының колледж студенттері арасында «Ұлттық кітап» күніне
орай «Кітап – білім бұлағы» байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже (әрі қарай – Ереже) Қазақстан Республикасы колледждерінің білім алушылары арасында «Кітап – білім бұлағы» тақырыбында «Принтмедиа технологиялар колледжі» ҚМҚК (бұдан әрі – Колледж) жанындағы Оқу-әдістемелік бірлестіктің (бұдан әрі – ОӘБ) жұмыс жоспарына сәйкес **жыл сайын** өткізіледі.

1.2. Байқау «Ұлттық кітап» күніне сәйкес нақты тапсырмаларды орындауды көздейтін, нәтижесінде орындалған жұмыстардың сапасы бағаланатын күндізгі (қашықтықтан) форматта өтетін жарыс болып табылады.

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Байқау колледж білім алушыларының заманауи цифрлық құралдарды тиімді қолдана отырып, тарихи және әдеби тұлғалардың мұрасын жаңаша форматта түсіндіру қабілетін дамыту. Үміткерлер өз шығармашылық ойлауын, креативтілігін және IT-сауаттылығын көрсете отырып, өткен мен бүгінді байланыстыратын мазмұнды цифрлық өнім (бейнеролик немесе постер) ұсынады. Сонымен қатар, бұл кезең жастардың сыни ойлауын, ақпаратты талдау және оны заманауи форматта жеткізу дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

2.2. Білім алушылардың цифрлық технологияларды (бейнемонтаж, графикалық дизайн, ЖИ құралдары) қолдану дағдыларын дамыту;

Тарихи және әдеби тұлғалардың мұрасын заманауи көзқараспен қайта зерделеу;

Креативті ойлау мен өзіндік идея ұсыну қабілетін қалыптастыру;

Ақпаратты қысқа әрі мазмұнды түрде жеткізу дағдыларын жетілдіру (Reels/TikTok форматы);

Коммуникативтік және презентациялық қабілеттерін дамыту;

Білім алушылардың зерттеушілік және талдау дағдыларын арттыру;

Заманауи медиа кеңістікте сапалы контент жасау мәдениетін қалыптастыру.

2.3. Оқу мәдениетін және сөйлеу мәнерін дамыту.

III. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

- 3.1. Байқау Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы мен «Принтмедиа технологиялар колледжі» КМҚК ұйымдастыруымен Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 202 мекенжайында өтеді.
- 3.2. Қалалық байқауға қатысу үшін өтінімді apk.5@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет. Өтінім үлгісі – 1-қосымшада көрсетілген.

IV. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 4.1. Байқауға Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру колледждерінің білім алушылары қатысады (1-қосымша).
- 4.2. Байқауға әр колледжден 1 білім алушы қатысады (1-2 курстар).
- 4.3. Қатысуға өтінімдер конкурс басталудан 7 күн бұрын <https://apk5.edu.kz/> ресми сайты арқылы беріледі.
- 4.4. Байқауды өткізу қазақ тілде жүргізіледі.

V. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. «Кітап – білім бұлағы» байқауы Ұлттық кітап күніне орай өткізіледі. Байқаудың жыл сайынғы мазмұны мен форматы елдің әлеуметтік-мәдени, ғылыми және қоғамдық дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті тұлғалардың атаулы және мерейтойлық күндерін ескере отырып, тиісті түрде өзгертіліп отырады.

5.2. Қатысушылар төменде көрсетілген авторлардың шығармаларын оқып, мазмұнын терең меңгеруі тиіс. Сонымен қатар, олардың шығармалары мен идеяларын «Заманауи ретроспектива» форматына сай цифрлық өнім арқылы креативті түрде ұсынуы қажет.

5.3. Қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

Таңдалған автор немесе шығарма негізінде бейнеролик (Reels/TikTok форматында) немесе цифрлық постер дайындау;

Колледж білім алушыларының заманауи дағдыларын қолдануға арналған кезең.

Форматы: «Заманауи ретроспектива».

Мазмұны: Қатысушылар 3 минуттық бейнероликті (Reels/TikTok стилінде) немесе цифрлық постерді төменде көрсетілген мазмұнда дайындайды.

1. Ыбырай Алтынсарин: Білімнің цифрлық шамшырағы

Тақырып: «Cyber-Мектеп: Ыбырайдың "Кел, балалар, оқылығын" ЖИ-мен жаңғырту»

Идея: Ыбырай салған алғашқы мектептің архитектурасын сақтай отырып, оның ішін болашақтың технологияларымен (голограммалар, ақылды тақталар) жабдықталған 3D моделін жасау.

Ұран: «XIX ғасырдың қоңырауынан XXI ғасырдың нейрожелісіне дейін».

2. Жамбыл Жабаев: Жыр алыбының виртуалды реинкарнациясы

Тақырып: «Jambul.AI: Жыр алыбының иммерсивті әлемі»

Идея: Жамбылдың жырларын тек тыңдау емес, сол жырдың ішіне ену. Мысалы, «Ленинградтық өренім» өлеңін оқығанда, пайдаланушы VR-көзілдірік арқылы сол кезеңнің атмосферасына еніп, ақынның қасында тұрғандай сезінеді.

Ұран: «Жүз жылдық жырдың цифрлық жаңғырығы».

3. Мұқағали Мақатаев: Поэзияның мета-әлемі

Тақырып: «Мұқағали Мұхиты: Өлеңнен өрілген VR-кеңістік»

Идея: Мұқағалидің әр өлеңін жеке бір визуалды планета немесе локация ретінде көрсету. Мысалы, «Райымбек, Райымбек!» өлеңі арқылы тарихи-виртуалды жорық жасау немесе «Үш бақытым» арқылы философиялық 3D галереяны аралау.

Ұран: «Жан дауысынан — жасанды интеллектіге дейін».

4. Қабдеш Жұмаділов: Тарихтың цифрлық таңбасы

Тақырып: «Тағдыр жолы: "Соңғы көш" кейіпкерлерімен ЖИ-диалог»

Идея: Қ.Жұмаділовтың романдарындағы кейіпкерлерді ЖИ көмегімен «тірілту». Олармен чат-бот арқылы сөйлесу, тарихи оқиғалардың себеп-салдарын кейіпкердің өз аузынан есту (Storytelling форматы).

Ұран: «Тарихты парактама — тарихтың ішіне ен».

5. Сайын Мұратбеков: Виртуалды ауыл эстетикасы

Тақырып: «Жусан иісі: Мұратбеков әлеміндегі Smart-ауыл»

Идея: Сайын Мұратбеков шығармаларындағы жылылық пен шынайылықты сақтай отырып, сол ауылдарды заманауи кибер-этно стильде бейнелеу. Мұратбеков кейіпкерлері виртуалды қалада бүгінгі күннің мәселелерін қалай шешер еді? (Digital-драма форматы).

Ұран: «Балалық шаққа ЖИ-билеті».

Жобаны тартымды ететін қосымша элементтер:

Кибер-этно стиль: Визуалды бейнелерді жасағанда қазақтың ұлттық ою-өрнектерін неонды түстермен (Cyberpunk стилінде) үйлестіру.

Интерактив: Көгермен тек бақылаушы емес, қатысушы болуы керек (мысалы, кейіпкердің киімін таңдау немесе оқиға желісін өзгерту).

Sound Design: Фондық музыка ретінде дәстүрлі күйлердің Lo-fi немесе Ambient нұсқаларын пайдалану.

5.4. Бейнероликтерді дайындауға қойылатын техникалық және шығармашылық талаптар (2-қосымша):

Техникалық форматтар: Видео файлдар MP4, MOV немесе AVI форматтарында қабылданады (планетааралық үйлесімділік үшін MP4 форматы ұсынылады).

Бейне сапасы (Resolution): Кемінде Full HD (1920x1080). ЖИ мен 3D графиканың детальдарын анық көрсету үшін жоғары сапалы кадр жиілігі құпталады.

Уақыт шегі (Duration): Роликтің ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс. Динамикалық монтаж арқылы ойды қысқа әрі нұсқа жеткізу маңызды.

Ақпараттық заставка (Intro): Бейнероликтің басында тандалған жобаның атауы мен ұраны көрсетілуі тиіс (мысалы: «Jambul.AI: Жыр алыбының иммерсивті әлемі»).

Ескерту: Академиялық адалдық үшін колледж атауын көрсетуге тыйым салынады.

Шығармашылық жанр: Қатысушының таңдауы шектелмейді:

AI-анимация немесе мультфильм;

VR-тур концепциясы;

Кибер-этно бағытындағы видео-арт немесе клип;

Болашақтан жасалған репортаж.

Технологиялық еркіндік: Түсіру және монтаждау жұмыстары кез келген бағдарламалық жасақтамада (Adobe Premiere, After Effects, CapCut) және Жасанды Интеллект құралдарын (Runway, Sora, Midjourney, Pika) пайдалану арқылы орындалуына болады.

Этикалық сүзгі: Жарнамалық сипаттағы, біреудің намысына тиетін немесе тарихи тұлғалардың бейнесін мазақ ететін (дипфейк этикасын бұзу) материалдар байқауға жіберілмейді. Жұмыс қазақ әдебиетінің құндылықтары мен цифрлық этика нормаларына сай болуы тиіс.

VI. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

6.1. Мазмұнның тереңдігі (0–10 балл)

Таңдалған автор шығармасының мазмұнын дұрыс әрі толық ашуы;

Идеяның өзектілігі және «Заманауи ретроспектива» тұжырымдамасымен байланысы;

Әдеби кейіпкерлерге немесе тақырыпқа жасалған талдаудың сапасы.

6.2. Креативтілік және идея (0–10 балл)

Жұмыстың жаңашылдығы, ерекше тәсілмен ұсынылуы;

Қызықты сценарий немесе концепцияның болуы;

Көркемдік шешімдердің (сюжет, визуал, стиль) үйлесімділігі.

6.3. Цифрлық орындау сапасы (0–10 балл)

Бейнеролик немесе постердің техникалық сапасы (дыбыс, монтаж, дизайн);

Цифрлық құралдарды (монтаж, графика, AI) тиімді қолдануы;

Жалпы визуалды тартымдылығы.

6.4. Формат талаптарына сәйкестік (0–5 балл)

Уақыт талаптарын сақтау (3 минут);

Reels/TikTok стилінің сақталуы немесе постердің талапқа сай болуы.

6.5. Презентация және қорғау. Жұмысты нақты, түсінікті, сенімді қорғау, сөйлеу мәдениеті (0–5 балл)

VII. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

7.1. Байқау жеңімпаздары туралы шешімді Конкурс аяқталғаннан кейін бағалау нәтижелері бойынша Тәуелсіз сараптамалық комиссия қабылдайды.

7.3. Байқаудың нәтижелері хаттама түрінде рәсімделіп, ұйымдастыру комитеті тарапынан бекітіледі, диплом, сертификаттар колледждің электронды поштасына apk.5@mail.ru жүктеледі.

7.3. Нәтижелер хаттамамен ресімделеді. Дипломдар мен сертификаттар колледждің <https://apk5.edu.kz/> ресми сайтында жарияланады.

7.4. Марапаттар: Гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдар, алғыс хаттар, сертификаттар.

Марапаттау кестесі: Офлайн: Принтмедиа технологиялар колледжі базасындағы салтанатты рәсім. Онлайн: Басқа өңірлердің қатысушылары үшін дипломдардың электронды нұсқалары <https://apk5.edu.kz/> ресми сайтында қолжетімді болады.

Қосымша 1

Байқауға қатысушылар тізімі

№ р/с	Қатысушының Т.А.Ә.	Туған күні	Куәлік № жеке тұлғалар	Байланыс нөмірі телефоны, e-mail	Ұйым ТжКББ	Басшысының / сарапшының Т. А. Ә., байланыс телефон нөмірі
1.						
2						
3						

Қосымша 2

Бағалаудың негізгі критерийлері

Критерий	Сипаттама	Максималды балл
Мазмұнның тереңдігі	Автор шығармасының мазмұнын толық ашу, әдеби кейіпкерлерге талдау, «Заманауи ретроспектива» идеясының көрінісі	10
Креативтілік және идея	Жұмыстың жаңашылдығы, ерекше тәсілмен ұсынылуы, көркемдік шешімдердің үйлесімділігі	10
Цифрлық орындау сапасы	Бейнеролик немесе постердің техникалық сапасы, цифрлық құралдарды тиімді қолдану, визуалды тартымдылық	10
Формат талаптарына сәйкестік	Уақытқа сай болу (3 минут), Reels/TikTok стилінің немесе постер форматының сақталуы	5
Презентация және қорғау	Жұмысты нақты, түсінікті, сенімді қорғау, сөйлеу мәдениеті	5